

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысын бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 сәуірдегі N 353.

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 3811 U973811 \_ Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысын бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізілетін, қоса беріліп отырған, өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 және 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 наурыздағы N 434 P970434\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 13, 97-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 мамырдағы N 702 P970702\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 18, 160 - құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 тамыздағы N 1282 P971282\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 40, 373-құжат).

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 20 сәуірдегі  
N 353 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет-қала құрылысын бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

мен толықтырулар

1.

Ескерту. 1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.26. N 126 қаулысымен. P020126\_

2.

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.19. N 918 қаулысымен. P020918\_

3. "Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы N 88 P960088\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 6, 30-құжат):

1-тармақтағы "Алматы қаласында" деген сөздер "Ақмола және Алматы қалаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2, 3, 6-тармақтардағы "Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**